



EGEMEN QAZAQSTAN

№46 (30525) 8 НАУРЫЗ, СӘРСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Мейірім әйелдерден бастау алады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысып, салтанатты жиында сөз сөйледі.

Зейін ЕРФАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Президент ұлтымыздың дүниетанымында әйелдің орны ерекше екенін айта келе, сұлулық пен нәзіктік, мейірім мен шапағат – бәрі де әйелдерден бастау алатынын жеткізді.

– Шын мәнінде, әрбір адам үшін анандан ұлы, анандан қымбат ешкім жоқ. Ең қастерлі құндылықтарымыз «Жер-Ана», «Отан-Ана» ұғымдарымен тығыз байланысты. «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» дейді. Бұл сөздің айрықша мән-маңызы бар. Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесінен басталады. Әр баланың жетістігі – ана махаббатының жемісі. Ұлы Абай айтқан «Толық адамға» тән асыл қасиеттер ұрпақтың бойына ана арқылы дариды. Қазір еліміз дамудың маңызды кезеңіне қадам басты. Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды реформаларды қолға алдық. Ең бастысы, ел ішінде отаншылдық, мемлекетшілдік рух мықты болуы керек. Біз көк байрағымызды биік ұстайтын, білімді, ұлтжанды ұрпақ өсіруіміз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастарға салынған қаражат – ең ұтымды инвестиция» екенін және қоғамдағы әйелдердің роліне ерекше тоқталды.



Салтанатты жиын соңында Мемлекет басшысы «Аруана» үздік әйелдер жобасы байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл марапат әртүрлі салада әлеуметтік маңызы бар жобалармен айналысып, азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосып жүрген іскер әйелдерге он номинация бойынша табысталды.

Халықаралық әйелдер күніне орай өткізілген «Аруана» үздік әйелдер қатарында «Агробизнес саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Айгүл Сағымбекқызы Ақшолова, «Үздік IT жоба» аталымы бойынша – Фарида Амантайқызы Ақшолова, «Креативті индустрия саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Сәуле Халелқызы Салихова, «Жаңа медиа саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Әсем Болатжанқызы Нұрғалиева, «Әйелдер мен балалар құқығын қорғау саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Несібелі Зариванқызы Бәсенова, «Инклюзивті даму саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Арайлым Мағашқызы Әлімжанова, «Ғылым және инновация саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – Марина Владимировна Деркач, «Әйелдер мен балалардың белсенді құқық қорғаушысы» аталымы бойынша – Ләззат Бекмұханбетқызы Ракишева, «Кәсіпорынның үздік әйел басшысы» аталымы бойынша – Фатима Набилуллақызы Төлесеева, «Әйелдер құқықтарын қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым» аталымы бойынша – Ольга Владимировна Рыль бар.

– Қазір қыздарымыз әлемнің ең үздік университеттерінде білім алып жатыр. Жаһандық компанияларда жұмыс істейді. Сан түрлі кәсіпті меңгерген әйелдер қоғамның түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Олардың арасында мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметші, тәрбиеші, тігінші және басқа да мамандық иелері бар. Халықаралық жарыстарда көк туымызды биікке көтерген спортшы аруларымыз да аз емес. Қаншама қыз-келіншектер бизнеспен айналысып, мыңдаған адамға жұмыс ұсынып отыр. Мен баршаныңды мақтан

етемін! Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, әйелдер әділ, дана әрі тапқыр басшы бола алатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазір шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі 42 пайызға жетті.

– Бұл – әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдаудың нәтижесі. Былтыр өз кәсібін ашқысы келетін 6 мыңнан астам көпбалалы анаға арнайы грант берілді. Ауылдағы қыз-келіншектер бизнеспен белсенді

айналысатын болды. Мыңдаған әйел бизнес жобасын жүзеге асыруға мемлекеттен субсидия алатын болады. Бұл мақсатқа жалпы сомасы 250 миллиард теңге жұмсалды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен Отбасы және гендерлік саясат туралы Жаңа тұжырымдама қабылданғанын, аталған құжат әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағытталғанын атап өтіп, әрбір әйел отбасында бақытты, қызметте табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты екенін айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтауы

Қымбатты ханымдар!

Баршаныңды Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер әлемге жылулық пен жарасым сыйлап, жақын жандарыңызды махаббатқа бөлейсіздер. Аяулы аналарымыз өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, оларды еңбеккер, білімпаз болуға тәрбиелейді.

Бүгінде әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі ролі орасан зор. Қыз-келіншектер өндірісте, шығармашылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді.

Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді.

Аналарымыз бен аруларымыздың алаңсыз өмірі – ұлтымыздың жарқын болашағының кепілі.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!
Әрдайым көктем күніндей жадырап жүріңіздер!

Бұқаралық спорт – басты назарда



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловты қабылдады. Кездесу кезінде министр Президентке тапсырмаларының орындалу барысы туралы мәлімет берді. Сондай-ақ министрліктің мәдениет, спорт және туризм индустриясын дамытуға бағытталған бастамалары таныстырылды.

Мемлекет басшысына Алматы облысында спортшыларды олимпиадаға даярлайтын республикалық базаның құрылысы туралы баяндалды. Нысан биыл

пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. 2025 жылға дейін жалпы 113 спорт нысаны салынады. Сонымен қатар министр Дене шынықтыру мен спортты

дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы туралы айтты.

Бұдан бөлек, Президентке қазақстандық спортшылардың алдағы жазда өтетін Азия, Олимпиада ойындарына дайындығы және 2024 жылы елімізде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру жұмыстары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін мәдениет және мұрағат ұйымдары қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңмен өседі.

Министрлік отандық авторлардың театрдағы қойылымдарының санын арттыруды және отандық фильмдер түсіруді жоспарлап отыр. Быыл алғаш рет жас жазушылар мен акындарға арналған әдеби сыйлық табысталады. Жеті республикалық мәдениет

ұйымына «ұлттық» мәртебе беру мәселесі пысықталып жатыр.

Асхат Ораловтың айтуынша, туризм саласын дамыту мақсатында Kids Go Free бағдарламасына қатысу үшін туроператорларға қойылатын талаптар жеңілдетілген. Сондай-ақ қазақстандықтар үшін туристік кәшбек енгізу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы ішкі және сыртқы туризмді одан әрі ынталандыру, инвестиция тарту шараларын қабылдауды тапсырды. Президент бұқаралық спортқа қолдау көрсету және спорт инфрақұрылымын қолжетімді ету қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті мәдениетті дамыту үшін жағдай жасауды және еліміздегі креативті индустриялар базасын қалыптастырудың маңыздылығына назар аударды.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қызметтік борышын атқаруда көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін наградалсын:

II дәрежелі «Айбын» орденімен

Әріпжанов Арман Талғатұлы – Ішкі істер министрлігінің Шымкент қаласы полиция департаменті «Тұран» ауданының полиция басқармасының жедел уәкілі

Қоңысов Бекен Кенесұлы – Ішкі істер министрлігінің Жамбыл облысы полиция департаменті Сарысу ауданы полиция бөлімінің жедел уәкілі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 7 наурыз
№ 138

КӨКЕЙКЕСТІ

Қоғамдағы әйел мәртебесі

Әлем сарапшыларының пікірінше, дамушы елдердің негізі ұстанымында әйел мен ана тақырыбы басты орында тұруы керек. Бұл тұрғыда гендерлік саясат қана емес, жалпы әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселесінің оң шешімін табуы өте маңызды.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Ал мұндай саясаттың одан әрі қарқын алуы үшін әйелдер қоғамдық ортада белсенді болуы қажет. Жалпы, мемлекетіміздің бұл тараптағы ұстанымы айқын. Оны бүгінде әйел қауымының саясатқа, мемлекеттік басқаруға, бизнеске қатысу мүмкіндігінің кеңейгенінен

(Соңы 4-бетте)

